



Әр түрлі іс әрекет түрлерінің қоршаған ортаға тигізер әсерін бағалау

Орындаған: Минажова К.М

Қоршаған ортаны қорғау

Қоршаған ортаны қорғау аса өзекті мәселелердің бірі. Әр түрлі іс әрекеттер арқасынан тың және тыңайған жерлер, топырақ эрозиясы мен тұздануы, Семей полигонындағы ядролық қару, радиактивті ластану, су ресурстарын есепсіз пайдалану барысындағы Арал көлінің дерлік жойылуы, т.б қамтыған экологиялық ахуалдар қоршаған ортаны ластап қана қоймай, адам денсаулығына әсер етіп, гендік қордың нашарлануына әкелетіні сөзсіз.





Адам әрекеті нәтижесінде табиғи кешендердің өзгеруі



Антропогендік фактор – адамның барлық тірі организмдердің мекен ортасы ретіндегі табиғатты өзгертуіне әкеп соғатын немесе олардың тіршілігіне тікелей әсер ететін сан алуан әрекеттері.

Адамның шаруашылық әрекеті табиғаттың өзгеруіне әсер ететін ерекше фактор. Адам еңбек пен ақыл ойдың арқасында қоршаған ортаға бейімделумен қатар, оны өзгертеді де. Сондықтан табиғатты өзгерту барысында адамзат оның кейінгі зардаптарын да ескеруі қажет. Табиғат кешендеріне кері әсер ететін озық ғылыми-техниканың тікелей қатысы жоқ. Ол өзгерістерге кінәлы прогресс емес, техникалық жобаларда адамның шаруашылық әрекетінің әсері есепке алынбаған. Жауын-шашын мөлшерін, топырақ ылғалдығын ескерместен топыраққа минералды тыңайтқыштар енгізу, ол заттардың шайылып, өзендер мен бөгендердің ластануын туғызды. Мұның бәрі қаншама еңбек пен шикізатты зая кетірумен бірге, қоршаған ортаның жағдайын. Ірі бөгендер салуда аумақтың табиғат ерекшеліктерін ескермеу мезгілсіз батпақтануға, топырақ, өсімдік жамылғысы мен сол жердің микроклиматының өзгеруіне әкеп соғады. Қазіргі кезде антропогендік ландшафтар басым. Ландшафтарды жақсарту үшін оларды өзгертетін шаралар жүргізеді. Соның бірі – мелиорация.

Мелиорация - жердің жағдайын жақсарту мен оны пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған шаралардың жиынтығы болып табылады.

Ғаламдық экологиялық проблемаларға **климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биоәртүрліліктің азаюы, шөлейттену және жердің құлдырауы (деградация)** жатады. Ұлттық экологиялық проблемаларға экологиялық апатты аймақтар: Каспий теңізі қайраңы ресурстарын белсенді игерумен байланысты проблемалар; *тарихи ластану; трансшекаралық мәселелер; әскери ғарыштық және тәжірибелік кешендер полигондарының әсерін* жатқызуға болады. Жергілікті экологиялық проблемаларға ауа бассейнінің ластануын, радиоактивті, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтары, табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жатқызуға болады. Адам әрекетінен Қазақстан жерінде тез шешуді қажет ететін проблемалар бар.



Ауыл шаруашылығы әсерінен ластану

Ауылшаруашылығындық ластанудың негізгі көздеріне пестицидтер, тыңайтқыштар, мал шаруашылығының ағындылары жатады. Топырақты пестицидтермен және олардың қалдықтарымен ластау топырақтағы тіршілікті азайтады, сондай-ақ органикалық қалдықтар ыдыраған кездегі қоректік элементтердің рецилинг процесін баяулатады. Тамаққа пестицидтердің түсуі адамда ауру туғызады. Топыраққа және ауыл шаруашылығы өнімдеріне фосфор тыңайтқыштарымен бірге едәуір мөлшерде ауыр металдар түсіп, жиналуы мүмкін. Ауыр металдар жол бойындағы топыраққа этилденген бензинмен жұмыс істейтін көліктің шығаратын газынан да түзіледі. Ортаның мал шаруашылығы ағындыларымен, әсіресе шошқа шаруашылығы кешендерінен шығатын ағындылармен ластануының қауіптілігі өнеркәсіптік және тұрмыстық ластанудан кем емес. Өйткені, мал бордақылайтын ірі кешен орғаны 100—200 мың халқы бар қала сияқты ластайды. ірі қара малдарды бордақылайты кешендердің, көбіне жеткіліксіз жабдықталған және едәуір мөлшерде сұйық көң жинайтын кең қоймасы да қауіп туғызады. Бұл көнді тиісті өндеусіз тыңайтқыш ретінде пайдалануға болмайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нитраттармен ластануы адам денсаулығына үлкен зиянын тигізеді.

Мал шаруашылығы әсерінен ластану



Мал шаруашылығы қалдықтары ерсі көрінгенімен қоршаған ортаны ластауының әсері бар. Тамақтың аймағында 10000 малдан күніне 200т тезек шығарылады. Швецарияда иісінен балықтар уланып қырылған.

Тұрмыстық қалдықтар

Қалдықтар – табиғи шикізатты өңдеу нәтижесінде пайда болатын заттар мен өндірістік жарамсыз шығарылымдар. Қалдықтардың барлық түрлерін есептегенде өндірілетін табиғи заттар мен энергияның тек 2%-ы ғана пайдаға асырылады. Қалған 98%-ы әр түрлі қалдықтарға айналады.



Жер бетінде миллиардтаған тонна тұрмыстық қалдықтар мен қоқыс бар. Жылдан жылға артып келе жатқан қалдықтардың қоршаған орта мен адам денсаулығына қатер төндіруде. Онымен күресу үшін қалдық пен қоқыс өңдейтін зауыттар мен кәсіпорындар да көптеп ашылуда. Соған қарамастан қалдықтар көбеймесе, азаймай отыр. Бұған адамдардың өздері де кінәлі. Қоқысты арнайы жәшіктерге тастамайды немесе басқалай жолмен олардың көзін жоюға талпынбайды. Мұндай қалдықтар мен қоқыстар қанша уақытта өздігінен жойылатыны туралы мынадай қызықты мәліметтер келтіруді жөн көріп отырмыз.

Тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстардың жойылу мерзімі қандай? Қызықты фактілер

Ас қалдықтары бір ай шамасында жойылады.



Жануарлар мен құстардың саңғырығы мен тезегі өздігінен жойылуы үшін он, он бес күн кететін көрінеді.



Газеттің өздігінен жойылу мерзімі 1 айдан 3 айға дейінгі уақытты алады екен.



Тауарға қапталатын картонның жойылуы үшін 3-4 ай керек көрінеді.



Қурап, үзіліп түскен жапырақ, құрғақ бұта 3-4 айға дейін жойылмайды.



Кеңсе қағаздары 2 жылда жойылады.



Тиісінше сақталмаған құрылыс тақтайларының жойылу мерзімі 10 жылға созылуы мүмкін.



Құрылысқа арналған темір арматуралары – 11-13 жылда.



Конверті қалбырларының жойылу мерзімі – 10 жыл.



Фольга 100 жылдан асады.



Батарейка 100 жылдан асады



Доңғалақ тысы 120-140 жыл кетеді.



Жиі кездесеті, тіпті, аяқтың астында оралғы болып жататын тұрмыстық қалдықтардың бірі – қаңылтырлы банкілер жойылуы үшін кем дегенде 500 жыл керек.



Шыны қалдықтарының жойылу мерзімі 1000 жылдан асады. Тіпті, 12-15 ұрпақ ауысқанша жойылмай жата беруі мүмкін.



Алдын алу жолдары

Бұл ластанулардың алдын алу немесе болдырмау шараларын арнайы құзыретті уәкілетті органдар жұмыс жасайды, сонымен қатар әр түрлі сала бойынша заңға, жарылғыларға сүйене отырып жүзеге асырады. Жылына 1 рет экологиялық мониторинг жүргізіледі.

ЮНЕП — БҰҰ-ның негізгі көмекші органы болып табылады. 1975 жылы өзінің қызметінің алғашқы кезінде ЮНЕП қоршаған ортаға байланысты мынадай бірінші кезектегі алты міндетті айқындады: елді мекендер және денсаулық сақтау; құрлықтың экологиялық жүйелері; қалалардың қоршаған ортасы; мұхиттар; қуат; дүлей апаттар.

ЮНЕП үш деңгейде жұмыс :

- ✓ Бірінші деңгейде қоршаған ортаның бәсекелес мәселелері жөнінде және осы салада атқарылып жатқан шаралар жөнінде ақпарат береді. БҰҰ-ға мүше мемлекеттер жыл сайын қоршаған ортаның ахуалы туралы баяндамалар тапсырады, осы баяндамалардан аталған ақпараттар алынады.
- ✓ Екінші деңгейде жекелеген елдерге, халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға қатысты бүкіләлемдік көлемде бағдарламалық шараларды жүзеге асырудың міндеттері мен стратегиясын белгілейді. Осы деңгейде қажетті шаралар мен олардың орындаушылары туралы мәселелер шешіледі, нақты бағдарламалар жасау үшін әдістемелік негіз қамтамасыз етіледі.
- ✓ Одан әрі, екінші деңгейде қолдау тапқан бағдарламалар мен жобаларды Қоршаған ортаны қолдау қоры қаржыландырады. Қолдау мөлшері тиімділікке, яғни қаржылық көмектің бағдарламаның түпкі мақсатын іске асыруға қаншалықты ықпал ете алатындығына байланысты болады. Толық қаржыландыру ерекше жағдайларда ғана, яғни жобаның орындалуы аса ірі жоба бойынша әзірлік жұмыстарын жүргізумен тұтас келетін болса, іске асырылуы мүмкін.
- ❖ ЮНЕП өзі қызмет істеген жылдары көптеген табиғат қорғау шараларын жүзеге асырды. Қоршаған ортаның аса ауқымды мониторинг жүйесі құрылды және оның құрамдас бөліктері ретінде — қоршаған орта бойынша ақпарат көздерінің Халықаралық анықтама жүйесі (ИНФОТЕРРА) және әуелетті уытты химиялық заттардың халықаралық тіркеушісі құрылды.

Дүниежүзілік экологиялық ұйымдар

- ✓ **ВВФ** - ғаламшар тоғайларын қорғаудың халықаралық интернационалды жастар қоры; Даниядағы жастардың «жасылдар қозғалысы» - Некст стол .
- ✓ **Гринпис («Жасыл әлем»)** - Бүкіл дүниежүзілік табиғат қорғау ұйымы. 1970 жылы құрылған. **17 мемлекетте топтары бар, 2,5 млн адам мүше.**
- ✓ **«Робин Вуд»** - германиялық жастардың «қышқыл жаңбырларға» қарсы күрес жүргізетін экологиялық қоғамы.
- ✓ **ФАО** - Біріккен Ұлттар Ұйымының ауыл шаруашылық және азық-түлік проблемаларымен айналысатын органы. Өзінің тікелей міндетінен басқа жануарлар дүниесі мен ормандарды қорғау ісімен және қоғамдық табиғатты қорғау ұйымдары мен ұлттық парктердің қызметкерлерінің білімі мәселесімен айналысады.
- ✓ **ВОЗ** - Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Ғаламшардағы адамдардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәселесімен және медициналық қызметкерлердің білімімен айналысады.
- ✓ **МСОП** - Халықаралық табиғатты қорғау және табиғат ресурстары ұйымы.
- ✓ **ВФОП** - Бүкіл дүниежүзілік табиғатты қорғау қоры. Дүниежүзілік фауна мен экожүйені сақтау проблемасымен айналысады; халықаралық жастар курсы, лагерьлер мен табиғат қорғау клубтарын және т. б. шараларды ұйымдастырады.

«Жасатар экологиясы мен мәдениет үкімі»



Экологиялық сараптама

Экологиялық экспертиза (лат. expertus – тәжірибелі) – адам іс-әрекеттерінің табиғатқа зиянды әсер етуіне жол бермеу және табиғат қорғау саласында қабылданған заңдардың орындалуына қатаң бақылау жасау. Экологиялық сараптама мемлекеттік немесе қоғамдық негізде жүзеге асады. Экологиялық сараптаманың негізгі қағидалары – оның өкілеттілігі, медицина-биология тұрғыдан қауіпсіздігі, халық шаруашылығының барлық салаларының мүддесін қорғайтындығы, ешкімге тәуелді болмауы және іс-әрекеттерді кешенді түрде жүргізу. Экологиялық сараптама міндетті түрде ұзақ уақыт дамуға арналған бағдарламалы құжаттармен және сызбанұсқалармен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, Экологиялық сараптама жүргізу үшін техника-экономикалық тұрғыдан ғылыми негізделген және алдын ала жоспарланған жобалар мен жоспарларға негізделіп қадағалау жасалынады. Бұларға қоса құрылыс, табиғат байлықтарын қалпына келтіруге арналған, өндіріс орындарын, т.б. нысандарды қайта жабдықтау немесе олардың жұмысын біржола тоқтату туралы жобаларға талдау жасалынады. Табиғатты тиімді пайдалану мақсатында белгіленген ережелерге және әдістемелік нұсқауларға сүйене отырып, адамның іс-әрекеттерін шектейтін құжаттарды талдайды. Кейбір табиғи аумақтардағы телімдерге ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесін беру үшін кешенді түрде экологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуге немесе экологиялық апатты және табиғатты пайдалану кезінде төтенше жағдайларға қатысты материалдарды, шараларды жүзеге асыруға арналған бағдарламаларға сараптама жүргізеді. Табиғатқа зияны жоқ жаңа техниканы, технологиялық әдістерді пайдалануға негізделген құжаттарды талдау; табиғатты тиімді пайдалану үшін шетелдік өндіріс орындарымен, фирмалармен бірге жұмыс істеуге қажетті құжаттарға сараптама жасалады. Экологиялық сараптама әскери мақсаттағы өндіріс орындарының, т.б. нысандардың жұмыстарына да қадағалау жасауға құқылы. Экологиялық сараптама адамның барлық іс-әрекеттерінің экологиялық қауіпсіздігін сақтау мақсатын көздейді. Мемлекеттік Экологиялық сараптама ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жанынан құрылған арнайы комиссияның сарапшылары арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық Экологиялық сараптаманы жеке қоғамдық ұйымдардың ұйытқысы болуы негізінде топтастырылған арнайы мамандар жүргізеді. Қоғамдық негізде жүргізілген Экологиялық сараптама мен мемлекеттік Экологиялық сараптама жүргізетін мекемелер қорытындылары бір-бірімен үйлестіріліп отырады. Қазақстанда арнайы “Экологиялық сараптама туралы” заң қабылданған (1997).